

ӘОЖ

ҒТАМР

<https://doi.org/10.48371/ISMO.2024.58.4.012>

ТҮРКІ МЕМЛЕКЕТТЕР ҰЙЫМЫНЫҢ (ТМҰ) ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН МЕН ТҮРКИЯНЫҢ РӨЛІ

*Тұралин Е.М.¹, Кошербаев Ж.Д.², Тюлебеков Т.Б.³

¹ Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы, Қазақстан

² әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

³ Л.Н.Гумилев атындағы еуразия ұлттық университеті, Астана,
Қазақстан

Андатпа. 1991 жылы Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін, әлемде халқының басым көпшілігі түркі этносынан тұратын тәуелсіз мемлекеттер пайда болды. Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан және Түрікменстан сияқты елдердің тәуелсіздікке қол жеткізуі түркі әлемінің геосаяси және мәдени ықпалдастығының жаңа дәуірін бастады. Бұған дейін халықаралық деңгейде мойындалған жалғыз түркітілдес мемлекет Түркия болған еді [1]. Осы тарихи кезеңде Түркия Республикасының бұл елдермен мәдени, экономикалық және саяси байланыстарды нығайтуға деген ұмтылысы ерекше маңызды рөл атқарды. 2009 жылы Нахчыванда өткен саммит Түркі мемлекеттер ұйымының (ТМҰ) құрылуының басты қадамы болды. Ұйым 2009 жылға дейін де бар болған, бірақ басқа форматта. Түркітілдес мемлекеттердің саммиттері 1990 жылдардың басынан бері өткізіліп келеді. Бұл ұйым түркі елдерінің ортақ тарихи, мәдени және экономикалық мұрасына негізделген ынтымақтастықты тереңдету үшін құрылды. Қазақстан, өзінің көпвекторлы сыртқы саясатының арқасында, ТМҰ-ның негізін қалаушы елдердің бірі ретінде танылып, Еуразия аймағында тұрақтылық пен бейбітшілікті нығайтуға үлкен үлес қосты. Ал Түркия өзінің халықаралық саяси тәжірибесі мен экономикалық күшін пайдаланып, ТМҰ-ның халықаралық беделін арттыруда және оны нығайтуда маңызды рөл атқарды. 1992 жылы Анкарада түркітілдес мемлекеттер басшыларының алғашқы саммиті өтті. Бұл жиын түркі әлемін біріктіруге және Түркі кеңесінің инфрақұрылымын қалыптастыруға бағытталған маңызды қадам болды. Түркия мен Қазақстан арасындағы тығыз байланыс осы процестің табысты жүзеге асуына негіз болды. 2009 жылы Түркі кеңесінің институционалдық негізін қалаған Нахчыван келісімі қабылданды, бұл екі елдің ынтымақтастығын стратегиялық деңгейге көтерді. Мақалада Қазақстан мен Түркияның ТМҰ-ның институционалдық құрылымдарын қалыптастырудағы үлесі, екі елдің ортақ экономикалық және саяси бастамаларды іске асырудағы серіктестігі кеңінен талданады. Сонымен қатар, ТМҰ-ның түркі елдерінің мәдени интеграциясын тереңдетуге және аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қосқан үлесі зерттеледі. Авторлар Қазақстан мен Түркияның ТМҰ аясындағы көшбасшылық рөлін ерекше атап өтіп, ұйымның болашақ даму перспективаларына баға береді. Бұл зерттеу түркітілдес мемлекеттердің халықаралық ынтымақтастығының жаңа мүмкіндіктерін анықтауға арналған маңызды ғылыми еңбектердің бірі болып табылады.

Тірек сөздер: Түркі мемлекеттер ұйымы, Қазақстан, Түркия, түркі интеграциясы, мәдени мұра, экономикалық ынтымақтастық, аймақтық қауіпсіздік, саяси әріптестік

Кіріспе

Түркі мемлекеттер ұйымының (ТМҰ) қалыптасуындағы Қазақстан мен Түркияның рөлі ерекше маңызды. Екі елдің тарихи байланыстары түркі халықтарының ортақ мәдени және тілдік дәстүрлеріне негізделген. Қазақстан мен Түркия арасындағы ынтымақтастықтың бастауын ежелгі дәуірлерден іздеуге болады, себебі олар XI ғасырға дейін біртұтас әулеттің құрамында болып, ортақ аумақты бөлісті. Түркия аумағындағы түріктердің ата-бабалары

Таяу Шығысқа қоныс аударып, «екінші Тұранды» құрған кезеңнен бастап, бұл байланыс одан әрі нығайып, бүгінгі заманға дейін жалғасты [2]. Осы тарихи сабақтастық пен ортақ мәдени мұра Түркі мемлекеттер ұйымының құрылуында Қазақстан мен Түркияның шешуші рөл атқаруына негіз болды. Мұстафа Кемал Ататүрік жас Түрік Республикасының негізін нығайта отырып, түркі әлемінің болашағына ерекше назар аударды. Ол 1930 жылдары Түркиядан тыс жерде тұратын түркі халықтарына арнап, олардың «тілде, сенімде және мәні бойынша біртұтас бауырлар» екенін атап өтті. Ататүрік былай деп жазған: «Кеңес Одағының құрамында бізбен тілде біртұтас бауырларымыз бар. Біз оларға қамқорлық жасауға дайын болуымыз керек. Бірақ дайын болу тек үнсіз күту емес, нақты қадамдар арқылы жүзеге асуы қажет. Біз мықты рухани көпірлерді сақтауымыз керек. Тіл – көпір, тарих – көпір. Біз ортақ тарихымызды жаңғыртып, тамырымызды тереңнен іздеуіміз қажет. Олардың бізге келуін күтпей, біз оларға жақындауымыз керек» [3]. Бұл идеялар бүгінгі күні Түркі мемлекеттер ұйымының қалыптасуы мен дамуына ықпал еткен негізгі ұстанымдардың бірі болып табылады. Осылайша, Қазақстан мен Түркия арасындағы ынтымақтастық тек тарихи тамырлармен шектелмей, қазіргі геосаяси және мәдени процестерде түркі интеграциясының өзегіне айналды. Ататүріктің бұл көзқарастары Қазақстан мен Түркия арасындағы ынтымақтастықта нақты көрініс тапты. XX-ғасырдағы ең ірі геосаяси оқиғалардың бірі — 1991 жылы Кеңес Одағының ыдырауы. Бұл кезең саяси әдебиеттерде «Тәуелсіздік шеруі» деп аталады. Кеңес Одағы құрамындағы елдер бөлініп, әрқайсысы өз тәуелсіздігін жариялады [4]. Қазақстан тәуелсіздігін алған сәттен бастап, түркі әлемін біріктіруге бағытталған саяси бастамаларда Түркиямен тығыз ынтымақтастық орнатып, ТМҰ-ның негізін қалау ісіне ерекше үлес қосты. 1991 жылы Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін Қазақстан тәуелсіздік алып, сыртқы саяси байланыстарын қалыптастыра бастады. Қазақстан мен Түркия ынтымақтастығының негізгі кезеңдерін үш негізгі кезеңге бөлуге болады: Қазақстанның тәуелсіздік алған кезеңі (1991-2000 жж.), стратегиялық серіктестікті нығайту (2000-2010 жж.) және ынтымақтастықты институттандыру (2011-2020 жж.). 1991-2000 жылдарды қамтитын алғашқы кезең Қазақстанның Кеңес Одағының ыдырауынан кейін тәуелсіздік алуынан басталады. Тәуелсіздік жарияланғаннан кейін Сыртқы істер министрі Хикмет Четин Қазақстанға ресми сапармен барып, 1992 жылы 2 наурызда Алматыда дипломатиялық қарым-қатынас орнату туралы хаттамаға және визадан босату туралы келісімге қол қойылды. Осы сапардан кейін Премьер-Министр Сүлеймен Демирел Қазақстанға ресми сапармен келді. Нәтижесінде 1992 жылы 16 мамырда Алматыда Түркия елшілігі ашылып, 29 қазанда Анкарада Қазақстанның Елшілігі құрылған [5]. Қазақстан мен Түркия арасындағы екіжақты саяси қатынастардың дамуы Түркі Республикаларының Президенттері саммитін өткізуден көрініс тапты. 1992 жылы 31 қазанда Анкарада өткен алғашқы саммитке Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев, Әзірбайжан, Қырғызстан, Өзбекстан және Түрікменстан президенттері қатысып, аймақтық ынтымақтастықтың негізін қалауға

мүмкіндік берді [6]. 1993 жылғы 9-11 сәуірде Түркия Президенті Тұрғыт Өзалдың Қазақстанға сапары екіжақты саяси қарым-қатынастардың жаңа кезеңін бастады. 1994 жылы Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Түркияға жасаған сапары барысында «Достық пен ынтымақтастық туралы шартқа» қол қойылып, бұл ынтымақтастықтың құқықтық негізін нығайтты [7]. Бұл кезеңдегі саяси және экономикалық байланыстар Қазақстан мен Түркияның стратегиялық серіктестігіне деген ұмтылысты айқындайды, әрі болашақтағы екіжақты қарым-қатынастардың дамуына негіз болды. 2000-2010 жылдар аралығында Қазақстан мен Түркия арасындағы қарым-қатынастар стратегиялық әріптестіктің нығаюымен сипатталды. Бұл кезеңде екі ел экономикалық ынтымақтастықты белсенді дамытып, бірлескен кәсіпорындар құрып, ірі инвестициялық жобаларды жүзеге асырды. Түрік компаниялары Қазақстанда инфрақұрылымды салу және дамыту саласында белсенді жұмыс істеді, бұл екі ел арасындағы экономикалық байланыстарды жаңа деңгейге көтерді. Сонымен қатар, білім және ғылым саласындағы ынтымақтастық күшейіп, студенттер мен ғылыми кадрлар алмасуға жағдай жасалды. Қазақстан мен Түркия арасындағы стратегиялық әріптестікті дамыту туралы екі ел басшыларының мәлімдемелері қарым-қатынастың жаңа серпін алуына себеп болды. Бұл бастама 2003 жылғы мамырда Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың Түркияға ресми сапары кезінде жарияланды және 2004 жылғы маусымда Ыстамбұлда өткен НАТО саммитінде Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев пен Түркия Президенті Ахмет Неждет Сезердің екіжақты кездесулерінде расталды. Түркия екі ел арасындағы тығыз қарым-қатынасты қамтамасыз ету және оларды стратегиялық серіктестік келісімі арқылы нығайту мақсатында Қазақстанмен ынтымақтастықты жеделдетті. 2005 жылы Түркия Премьер-министрі Астанаға ресми сапармен келіп, қазақстандық ресми тұлғалармен егжей-тегжейлі келіссөздер жүргізді. Парламентаралық байланыстар да қарқынды дамыды. 2006 жылдың 31 қаңтары мен 3 ақпаны аралығында ҚР Парламенті Мәжілісінің Төрағасы Орал Мұхамеджанов бастаған Қазақстан Парламенті Мәжілісі делегациясы Түркияға ресми сапармен барды. Ал 2012 жылғы 27-29 қыркүйекте Түркия Ұлы Ұлттық Жиналысының Төрағасы Джемиль Чичек Қазақстанға ресми сапармен келіп, парламенттік деңгейдегі екіжақты ынтымақтастықтың өткен тәжірибесін және болашақ перспективаларын талқылады [8].

2009 жылдың қазан айында Нұрсұлтан Назарбаевтің Түркияға ресми сапары барысында Қазақстан мен Түркия арасындағы стратегиялық әріптестік туралы келісімге қол қойылды, бұл екі ел арасындағы жемісті ынтымақтастықтың айқын көрінісі болды [9]. 2010 жылғы 23-26 мамырда Түркия Президенті Абдулла Гүл Қазақстанға ресми сапармен келді. Ұшар алдындағы мәлімдемесінде Гүл президент болып сайланғаннан бері Орталық Азия елдерімен қарым-қатынасқа бұрынғыдан да үлкен мән бере бастағанын атап өтті: «Орталық Азия – Түркия үшін өте маңызды аймақ, бізді ортақ тарихи-мәдени байланыстар арқылы байланыстыратын Орталық Азияға үлкен мән береміз. Сондықтан Орталық Азиядағы түркі республикаларына сапарлар өте маңызды» [10].

2011 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңде Қазақстан мен Түркия арасындағы ынтымақтастық институционализациялау мен құрылымдандыру бағытында маңызды қадамдар жасалды. Бұл кезеңде екі ел арасындағы стратегиялық әріптестік халықаралық ұйымдар арқылы, мысалы, Түркі кеңесі және ТҮРКСОЙ сияқты ұйымдар арқылы дамыды, сондай-ақ энергетика мен көлік салаларында бірлескен ірі жобалар іске асырылды. Жоғары деңгейдегі тұрақты сапарлар мен кездесулер саяси байланыстарды нығайтуға ықпал етті, осылайша өзара әрекеттесу үшін берік негіз құрылды. Қазақстан мен Түркия ынтымақтастығы соңғы үш онжылдықта дипломатиялық қарым-қатынастар орнатудан басталып, өзара іс-қимылды институттандыруға дейін ұзақ жолдан өтті. Осы үш негізгі кезең одан әрі дамып, нығайып келе жатқан екіжақты байланыстардың маңыздылығы мен маңызын көрсетеді. Жоғары деңгейдегі стратегиялық ынтымақтастық кеңесі (YDSK) Премьер-министр Режеп Тайып Ердоғанның 2012 жылдың мамыр айында Қазақстанға ресми сапары кезінде құрылған. YDSK-ның бірінші отырысы Қазақстан Президенті Назарбаевтың 2012 жылғы 11-12 қазандағы Түркияға ресми сапары аясында өтті. YDSK-ның екінші отырысы Президент Ердоғанның 2015 жылдың 15-17 сәуірінде Қазақстанға сапары аясында өтті [11].

Назарбаев 24 маусымда Ташкентте өткен Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының отырысында Ердоғанның Путинге хатын жеткізуде делдал болып, екі көшбасшы арасындағы мұзды бұзды. Осылайша Назарбаев қиын-қыстау кезеңдерінде достығын көрсетті. 2016 жылы 29 маусымда Путин министрлер жиналысында және камералар алдында Түркиямен қалыпқа келудің басталғанын хабарлады [12].

Назарбаев 15 шілдедегі көтерілістен кейін Түркияға ресми сапармен барған алғашқы мемлекет басшысы болды. Президент Режеп Тайып Ердоған 2016 жылы 5 тамызда Анкараға келген Назарбаевты ресми рәсіммен қарсы алды. Делегациялар арасындағы және жеке кездесулерде екіжақты және аймақтық мәселелер талқыланды. Талқыланды тақырыптардың ішінде Қазақстандағы ФЕТО мектептері де болды. Бірлескен баспасөз мәслихатында Ердоғанның сөйлеген сөзінің маңызды тұстары: Жақсы күнде дос, жаманда дос та осындай күндерде айқындалады. Назарбаев Түркияға 15 шілдеден кейін келген алғашқы мемлекет басшысы. Қанымен аңыз жазған барша шейіттерімізге Алланың рақымы болсын деп тілеймін. Бұл төңкеріс әрекеті ФЕТО-ның жоспарларын әшкереледі. Енді біз мұны анық білеміз; ФЕТО тек Түркияға емес, бар елдердің барлығына қауіп төндіреді. Назарбаевқа ФЕТО-ға қатысты алаңдаушылығымызды жеткіздік. Биыл Қазақстан өз тәуелсіздігінің 25 жылдығын тойлайды. Түркия ретінде біз Қазақстанның тәуелсіздігін алғаш мойындаған мемлекет болғанымызды мақтан тұтамыз. Қазақстан Президенті Н.Назарбаевтың мәлімдемесіндегі негізгі тұстар: Қазақстан үшін ең маңызды одақтас – Түркия. Мен мұнда тек президент Ердоған мен Түркиямен бірге екенімді көрсету үшін келдім. Түркия Қазақстанның ең сенімді серіктестерінің бірі болып табылады. Дініміз, тіліміз, мәдениетіміз ортақ. Тұрғыттың ерекше кезінде екі елдің жастары бір-бірінің тілін үйреніп, болашақта қарым-қатынасын дамытсын деп келісімдерге қол

қойдық. Бірақ оның Гүлендікі екенін ол кезде аңғармадық. Егер олардың ФЕТО-мен байланысы анықталса, барлық мұғалімдер жіберіліп, Түркиядан жаңа мұғалімдер сұралады. Түркияға жау болғандар бізге де жау. ФЕТО-ның ағартушылық қызметі бойынша. Қазақстандағы ФЕТО мектептеріне қатысты Қазақстан президенті Назарбаев “Түркияға қарсы бизнес жасаған ешкімді қолдамаймыз. Бұл жағдай біздің мүддемізге сай емес. Біз мұны қаламаймыз. Бұл мәселеде келістік. Екі елдің білім министрліктері. Тараптар жұмыс тобын құрып, мектептерді тексереді, «Егер нақты қарым-қатынасы барлар анықталса, біз бұл мұғалімдерді қайтарып, Түркия мемлекетінен басқа мұғалімдерді сұраймыз» [13].

2016 жылдың қазан айында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай ФЕТО мектептерінің атауы «Қазақ-түрік лицейлері» атауынан «Ғылым инновациялық лицейлері» болып өзгертілді. Сабах газетінің хабарына қарағанда, Қазақстанда ФЕТО ұйымының 27 мектебі бар. Қамқоршылық кеңесінің мүшелері қазақтар болып табылатын ФЕТО мектептерінде жұмыс істейтін мұғалімдер бұл мектептерде жұмыс істеуге рұқсат етілмейді және елден жіберіледі [14]. Қазақстан мен Түркия арасындағы ынтымақтастықтың даму тарихы екі елдің ортақ мәдени және тарихи байланыстарының негізінде қалыптасқан. ТМҰ-ның құрылуында бұл елдердің рөлі ерекше маңызды болып отыр. Кеңес Одағының ыдырауы мен тәуелсіздік алу кезеңінде екі мемлекет арасындағы дипломатиялық байланыстар орнатылып, стратегиялық серіктестікке жол ашылды. Бүгінгі күнге дейін бұл ынтымақтастық әртүрлі салаларда — саясат, экономика, білім, мәдениет — айтарлықтай дамыды. Түркияның Қазақстан тәуелсіздігін мойындаған алғашқы елдердің бірі болуы және екі ел арасындағы жоғары деңгейдегі байланыстар олардың арасындағы достық пен сенімділіктің айқын дәлелі болып табылады. Осы үш кезеңдік даму сызығы Қазақстан мен Түркия арасындағы ынтымақтастықтың қалай өзгеріп, нығайып келе жатқанын көрсетеді. Алғашқы жылдары негізделген дипломатиялық қатынастар стратегиялық әріптестікті орнатуға, кейіннен институционализациялауға және жүйелендіруге бағытталған қадамдармен толықтырылды. Бұл байланыстардың тұғырын нығайтуда түркі интеграциясы мен ТМҰ-ның рөлі зор, себебі ол екі мемлекеттің ғана емес, бүкіл түркі әлемінің бірлігін күшейтуге бағытталған. Екі елдің басшылары арасындағы жоғары деңгейдегі байланыстар, сондай-ақ екіжақты және көпжақты кездесулер мен келісімдер Қазақстан мен Түркия арасындағы қатынастарды стратегиялық серіктестік деңгейіне көтерді. Түркияның Қазақстандағы білім және экономика саласына белсенді қатысуы, сондай-ақ екі мемлекеттің саяси диалогы олардың ынтымақтастық деңгейінің жоғары екенін көрсетеді. Қазақстан мен Түркия арасындағы достық байланыстар халықаралық саясатта айтарлықтай маңызды орын алады, және олардың қарым-қатынасы түркі әлемінің интеграциялық процестерін ілгерілету мен тұрақты даму жолында маңызды қадамдар болып қала береді.

Зерттеудің мақсаты - Түркі мемлекеттер ұйымының (ТМҰ) қалыптасуындағы Қазақстан мен Түркияның тарихи, мәдени және саяси рөлін

терең талдау арқылы олардың түркі әлеміндегі ынтымақтастығының негіздерін ашып көрсету. Екі елдің халықаралық аренадағы ықпалын зерттей отырып, ТМҰ-ның құрылуы мен дамуының басты факторларын анықтау маңызды. Сонымен қатар, Қазақстан мен Түркияның түркі интеграциясындағы жетістіктері мен алдағы мүмкіндіктерін талдау арқылы түркі халықтарының ынтымақтастығын тереңдетуге бағытталған ұсыныстарды ұсыну көзделіп отыр. Бұл зерттеу түркі әлемінің болашағын нығайтуға және ортақ мақсаттарға жетуге көмектеседі.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Зерттеу барысында Қазақстан мен Түркия арасындағы саяси, экономикалық және мәдени қатынастарға қатысты деректер кешенді түрде талданды. Негізгі дереккөздер ретінде халықаралық келісімдер, Түркі Кеңесі мен оның құрылтай құжаттары, екі ел арасындағы дипломатиялық қатынастарды реттейтін заңнамалық актілер, сонымен қатар, тақырыпқа қатысты ғылыми еңбектер мен мақалалар пайдаланылды. Зерттеудің әдіснамалық негізін тарихи және салыстырмалы талдау әдістері құрады. Тарихи әдіс Қазақстан мен Түркия арасындағы қарым-қатынастардың қалыптасуы мен даму кезеңдерін анықтауға мүмкіндік берсе, салыстырмалы талдау олардың интеграциялық процестерге қосқан үлесін бағалауға көмектесті. Сонымен қатар, статистикалық деректер мен құжаттарды контент-талдау әдісі қолданылды, бұл Түркі Кеңесі аясындағы екіжақты ынтымақтастықтың негізгі нәтижелерін жүйелеуге мүмкіндік берді. Зерттеу материалдары Түркі әлемі саммиттерінің хаттамалары мен мәліметтері, сондай-ақ ресми дереккөздер мен халықаралық ұйымдардың есептерінен алынды. Жұмыс барысында зерттеу тақырыбына қатысты дереккөздердің сенімділігі мен өзектілігіне ерекше назар аударылды.

Нәтижелері

Зерттеу нәтижелері Қазақстан мен Түркияның Түркі әлемінің дамуына айтарлықтай үлес қосқанын көрсетеді. Ондаған жылдар бойы Қазақстанның негізгі сауда серіктестері Ресей, Қытай және Өзбекстан болды. Алайда, 2010 жылдан бері Түркиямен сауда перспективалы бағыт ретінде дамып келеді. 2024 жылы бұл бағыт инвестициялар мен сауда-экономикалық қатынастар саласында ең басымдықты деп қарастырылады.

Серіктес елдер (экспорт)

қорытындыға пайызбен




Рисунок 1 - Қазақстан Республикасының сыртқы сауда айналымы (2024 жылғы қаңтар-қыркүйек) <https://stat.gov.kz/industries/economy/foreign-market/publications/239540/>

2022 жылы Қазақстан мен Түркия арасындағы сауда көлемі рекордтық 6,3 миллиард АҚШ долларына жетті. Сол жылы Түркия Қазақстандағы ең үлкен тауар айналымы бар елдер рейтингінде 4-ші орынды иеленді. 2024 жылдың бірінші тоқсанында Қазақстаннан Түркияға экспорт 804,8 миллион долларды құраса, Түркиядан Қазақстанға импорт 426,3 миллион долларға жетті. Бұл көрсеткіштер екі ел арасындағы экономикалық байланыстардың өсіп келе жатқан маңыздылығын және олардың түркі ынтымақтастығын нығайтуға қосқан үлесін айқындайды [15].

Түркі мемлекеттер ұйымына (ТМҰ) мүше елдердің экономикалық әлеуетін және олардың интеграциялық процестердегі рөлін анықтауға мүмкіндік берді. Халықаралық Валюта Қорының (ХВҚ) 2024 жылға жасаған болжамдарына сәйкес, ТМҰ-ға мүше елдердің жалпы ішкі өнімі (ЖІӨ) және халық санының көрсеткіштері аймақтық ынтымақтастықтың маңызды экономикалық негізі болып табылады.

ТҮРКІ МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ ҰЙЫМЫ



ҰЙЫМҒА МҮШЕ ЕЛДЕР

ХАЛЫҚ
САНЫ
(млн адам)


ЖІӨ 2024
(млрд. АҚШ доллары)

	85,8	1 340
	20,0	292,5
	10,3	75,6
	36,9	112,6
	7,0	15,8

ҰЙЫМҒА БАҚЫЛАУШЫ ЕЛДЕР

ХАЛЫҚ
САНЫ
(млн адам)

ЖІӨ 2024
(млрд. АҚШ доллары)

	9,6	228,8
	6,6	83,9
	0,9	34,8

Дереккөз: ХВК, 2024 жыл

КУРСИВ

Рисунок 2 - Түркі мемлекеттерінің экономикалық әлеуеті қандай?

https://kz.kursiv.media/kk/2024-11-06/nrslt-turki-memleketteri/?utm_campaign=endless_feed

Kursiv.media сайтында жарияланған «Түркі мемлекеттерінің экономикалық әлеуеті қандай?» мақаласындағы статистикалық деректерге сүйене отырып, Түркі мемлекеттер ұйымы (ТМҰ) елдерінің экономикалық көрсеткіштеріне жан-жақты талдау жасауға болады. Зерттеу нәтижелері бұл ұйымның мүше елдерінің экономикалық қуатын, олардың интеграциялық үдерістердегі рөлін және болашағын айқындауға мүмкіндік береді [16].

Түркия ТМҰ-ға мүше елдер арасында ең жоғары экономикалық көрсеткіштерге ие. Халықаралық Валюта Қорының деректеріне сәйкес, 2024 жылы Түркияның болжамды жалпы ішкі өнімі (ЖІӨ) 1,34 трлн АҚШ долларына жетеді. Бұл көрсеткіш ұйымға мүше елдердің жиынтық ЖІӨ-сінің шамамен 70%-ын құрайды. Түркияның дамыған экономикасы оны ТМҰ шеңберіндегі интеграцияның негізгі қозғаушы күшіне айналдырып отыр. Қазақстан болса, аймақтағы маңызды экономикалық ойыншылардың бірі

ретінде ерекшеленеді. 2024 жылы оның болжанған ЖІӨ көлемі 292,5 млрд АҚШ долларын құрап, Түркиядан кейінгі екінші орынға ие болады. Қазақстанның бай табиғи ресурстары, энергетикалық жобалары мен инфрақұрылымдық бастамалары оны ТМҰ-ның экономикалық және саяси тұрақтылығының тірегіне айналдырып отыр. Ұйымға мүше басқа елдер – Әзірбайжан, Өзбекстан және Қырғызстан – экономикалық көрсеткіштері бойынша әртүрлі деңгейде орналасқан. Әзірбайжанның ЖІӨ 75,6 млрд АҚШ долларын, Өзбекстанның 112,6 млрд АҚШ долларын, ал Қырғызстанның 15,8 млрд АҚШ долларын құрайды. Бұл көрсеткіштер әртүрлі экономикалық әлеуетті көрсеткенімен, ұйым ішіндегі ынтымақтастықты энергетика, ауыл шаруашылығы және сауда сияқты салаларда кеңейтуге үлкен мүмкіндік береді. Бақылаушы елдер – Венгрия, Түрікменстан және Солтүстік Кипр Түрік Республикасы – ұйымның экономикалық әлеуетін арттыруға қабілетті маңызды серіктестер. Венгрияның ЖІӨ көлемі 228,8 млрд АҚШ долларын құраса, Түрікменстан мен Солтүстік Кипр Түрік Республикасының ЖІӨ сәйкесінше 83,9 млрд және 34,8 млрд АҚШ долларына тең. Әсіресе, Венгрияның Еуропамен байланыстары ұйым үшін жаңа экономикалық перспективаларды ашады. ТМҰ елдерінің демографиялық ерекшеліктері де маңызды рөл атқарады. Халық саны бойынша үлкен айырмашылықтар байқалады: Түркияның халқы 85,8 млн адам болса, Қырғызстанда бұл көрсеткіш бар болғаны 7 млн-ды құрайды. Мұндай айырмашылықтар ұйым ішінде жұмыс күшінің қозғалысы, технология алмасу және ішкі нарықты дамыту сияқты ынтымақтастықтың жаңа бағыттарын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері Түркі мемлекеттер ұйымының экономикалық интеграциясының зор әлеуетін көрсетті. Түркия мен Қазақстан ұйымның негізгі көшбасшылары ретінде айқындалып, интеграциялық үдерістерді дамытуда шешуші рөл атқаруда. Экономикалық және демографиялық әртараптандыру ТМҰ-ның ұзақ мерзімді тұрақтылығы мен тиімділігін қамтамасыз ете алады. Алдағы уақытта ұйым энергетика, көлік және сауда-экономикалық ынтымақтастық салаларында үлкен жетістіктерге жетуге әлеуетті.

ТҮРКІ МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚОРЫН ҚҰРУ ЖОСПАРЫ



Дереккөз: Түркі мемлекеттерінің ұйымы

КУРСИВ

Рисунок 3 - Түркі мемлекеттерінің экономикалық әлеуеті қандай?

https://kz.kursiv.media/kk/2024-11-06/nrslt-turki-memleketteri/?utm_campaign=endless_feed

Түркі мемлекеттерінің ұйымы (ТМҰ) аясында экономикалық ынтымақтастықты күшейту мақсатында Түркі елдерінің инвестициялық қорын құру идеясы алғаш рет 2019 жылы Түркі Кеңесінің саммитінде ұсынылды. Қордың жалпы жарғылық капиталы 500 миллион АҚШ долларын құрайды, оның ішінде бастапқы жарналар әр елден 5 миллион доллардан жинақталды. Қосымша қаржыландыру үш транш арқылы жүзеге асырылып, әр елдің үлесі 70 миллион долларды құрайды, ал акциялар шығару арқылы тағы 150 миллион доллар тарту жоспарланған. Қор көлік, логистика, энергетика, ауыл шаруашылығы және туризм сияқты маңызды салалардағы жобаларды қаржыландыруды көздейді, бұл мүше елдердің экономикаларын дамытуға және олардың арасындағы байланысты нығайтуға мүмкіндік береді. Қордың құрылуы, сондай-ақ шағын және орта кәсіпорындарды қолдауға, жаңа жұмыс орындарын ашуға және инновацияларды дамытуға ықпал етеді. Статистикаға сәйкес, қордың құрылу кезеңіндегі жарғылық капиталды әр елдің қосқан үлесі тең болып табылады, бұл ТМҰ-ның ынтымақтастыққа негізделген және тең құқықты дамуын көрсетеді. Зерттеу нәтижелері ТМҰ-ның экономикалық интеграция және ынтымақтастыққа деген күш-жігерінің тиімділігін көрсетті. Қазақстан мен Түркияның арасындағы сауда байланыстарының қарқынды дамуы, сондай-ақ инвестициялық қордың құрылуы ұйымның экономикалық әлеуетін арттырудағы маңызды қадамдар болып табылады. Қордың қаржыландыру бағыттары аймақтық экономиканы әртараптандыруға, жұмыс орындарын құруға, инновацияларды дамытуға және жаңа инвестициялық мүмкіндіктерді ашуға мүмкіндік береді. Осы арқылы ТМҰ елдері экономикалық тұрақтылық пен өсуді қамтамасыз етіп, өзара байланыстарды нығайтады. Болашақта, Түркия мен Қазақстанның көшбасшылығымен, қордың қаржы салу мүмкіндіктері мен жобаларды іске асыру әлеуеті ТМҰ-

ның аймақтық және жаһандық деңгейдегі ықпалының артуына ықпал ететіні сөзсіз.

Талқылау

1991 жылғы тамыз төңкерісінен кейін Кеңес Одағының ыдырауы қарқын алып, бұрынғы кеңестік республикалар тәуелсіздікке қол жеткізді. Бұл оқиға оларға еркін және ашық сыртқы байланыстар жасауға мүмкіндік берді. Кеңес Одағының құлауынан кейін түркітілдес республикалары, соның ішінде Қазақстан, Әзербайжан, Өзбекстан, Түрікменстан және Қырғызстан, өздерінің халықаралық қатынастарын өз бетінше қалыптастыруға мүмкіндік алды. Осылайша, олар сыртқы саясатта жаңа бағыттар мен серіктестіктерді іздей бастады, бұл олардың егемендіктерін нығайтуға және экономикалық даму жолдарын табуға көмектесті. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін Түркияның түркітілдес республикалармен ортақ тарихи-мәдени байланыстары Түркияның халықаралық аренадағы беделін күшейтті. Бұл республикалармен жақын қарым-қатынастар орнату Анкараның аймақтағы ықпалын арттырды және оны жаңа геосаяси ойыншы ретінде көрсетті. Батыс баспасөзінде, соның ішінде итальяндық *Il Giornale* газетінде, Түркияның Еуропа мен Азияда жаңа күш ретінде пайда болғаны туралы пікірлер айтылды. Бұл Түркияның аймақтағы супер держава ретінде қарастырыла бастағанын көрсетеді. Дегенмен, мұндай рөлді атқару оңай болмайтыны туралы да пікірлер болды, өйткені бұл көптеген саяси, экономикалық және дипломатиялық қиындықтарды жеңуді талап етті [17]. 1991 жылдан кейін «Түрік әлемі Адриатикадан Ұлы Қытай қорғанына дейін» деген дискурс айтарлықтай көзге түсті. Бұл жаңа геосаяси жағдай Түркияға да, Таяу Шығысқа да әсер етті. Азияда тәуелсіздігін енді ғана алған түркітілдес мемлекеттер үшін бұл кезең ерекше толқу тудырды. Нұрсұлтан Назарбаев өзінің Түркияға сапары кезінде ХХІ-ші ғасыр түрік ғасыры болатынын айтып, осы қуанышпен бөлісті. Түркия тәуелсіздік алған осы посткеңестік елдермен, әсіресе Қазақстанмен, шамамен бір жылдың ішінде 150-ге жуық екіжақты келісімге қол қою арқылы бұл толқудың ортақ екенін көрсетті. Бұл келісімдер Түркияның посткеңестік елдермен қарым-қатынасын нығайтуға деген ұмтылысын және осы ынтымақтастықтың жалпыға ортақ қуанышын айқын көрсетті. Түркияның бұл әрекеттері аймақтағы түркітілдес мемлекеттер арасындағы байланыстарды күшейтуге және ортақ мәдени, тарихи және экономикалық мүдделерді қорғауға бағытталған болатын [18].

Седат Лачинердің «*The Turgut Ozal Period in Turkish Foreign Policy: Ozalism*» атты мақаласында түрік азаматтарының болмысында және түрік сыртқы саясатындағы маңызды элементке айналған озалистік түрікшілдік, әсіресе қырғи-қабақ соғыс аяқталғаннан кейін сипатталады. Жаңа әлемдік тәртіп туысқан мемлекеттер арасындағы экономикалық үйлесім мен ынтымаққа негізделі бастаған осы кезеңде түрікшілдік, Өзалдың пікірінше, түрік модернизациясының және түрік сыртқы саясатының трансформациясының іргетастарының біріне айналды. Алайда, озалистік түркілікте территориялық ұлтшылдық немесе ирредентизм сипаты

болмағанын атап өту керек. Бұл, ең алдымен, территориялық кеңеюге емес, түрік әлемінің экономикалық және мәдени ықпалын күшейтуге бағытталған мәдени концепция болды. Түрік мемлекеттері салыстырмалы түрде кедей және әлсіз болған жағдайда, ортақ проблемаларды жеңу үшін олардың арасындағы ықтимал ынтымақтастық қажет болып көрінді. Өзінше Түркияны осы түрік блогының әлеуетті көшбасшысы ретінде қарастырды және Түркияның мұндай бірігуден айтарлықтай пайда алатынына сенді [19]. Озалистік түркізмнің астарында жатқан ойлау сыртқы саясатқа аумақтық амбициялардан гөрі мәдени және экономикалық байланыстарды бірінші орынға қоятын прагматикалық көзқарасты көрсетеді. Бұл тұжырымдама түркі тектес Орталық Азияның көптеген мемлекеттері өздерінің егемендігін нығайту және экономикалық даму жолдарын іздей бастаған посткеңестік кезеңде Түркияның сыртқы саясатын қалыптастырудың маңызды элементі болды. Осы тұрғыда Озал сөз еткен Түркия басшылығы түрік әлемінің халықаралық аренадағы позициясының нығаюына әкелетін табиғи әрі екі жаққа да тиімді үдеріс болып көрінді. Бұл кезеңде Түркияның сыртқы саясатындағы озалистік түрікшілдік концепциясы түркітілдес мемлекеттермен тығыз байланыстар орнатуға және олардың экономикалық әлеуетін арттыруға бағытталған болатын. Түркияның осы бастамалары аймақтағы тұрақтылықты нығайтуға және түркі әлемінің халықаралық аренадағы ықпалын күшейтуге көмектесті. Сонымен қатар, бұл концепция мәдени және тарихи байланыстарды жаңғыртуға, ортақ құндылықтарды дәріптеуге және экономикалық ынтымақтастықты дамытуға негізделді. Осылайша, Түркия өзіне жетекші рөлді алып, түркітілдес мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықтың жаңа деңгейін қалыптастыруға ықпал етті.

